



БІЛУ МАҢҒЫЗДЫ!



Медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар



1) **бірыңғай сақтандыру** (қайтасақтандыру) топ қатысушы сақтандыру ұйымы – сақтандыру шарттарына, қағидаларына және кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес топтың шеңберінде қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы;



2) **денсаулық сақтау субъектілері** – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;



3) **медицина қызметкерлерінің** кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру бойынша бірыңғай сақтандыру (қайта сақтандыру) топтын құру жөніндегі бірлескен қызмет туралы шарт (бұданәрі – Бірлескен қызметтуралышарт) - Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін бірлесіп сақтандыру жөніндегі топқа қатысушылардың бірлескен қызметін регламенттейтін және реттейтін құжат;



БІЛУ МАҢҒЫЗДЫ!



Медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар



4) **медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі бірыңғай сақтандыру (қайта сақтандыру) топы (бұданәрі – топ) – заңды тұлға құрмайтын Қазақстан Республикасы медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру мақсаттары үшін құрылған сақтандыру ұйымдарының бірлестігі;**



5) **медициналық оқыс оқиға – Қазақстан Республикасының әкімшілік және қылмыстық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына сәйкес медициналық көмек көрсетумен және технологияларды, жабдықтар мен құралдарды пайдаланумен байланысты, организмнің қалыпты жұмыс істеуінің ауытқуынан туындайтын, пациенттің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі, сондай-ақ пациенттің қайтыс болуына алып келуі мүмкін оқиға.**



БІЛУ МАҢҒЫЗДЫ!



Медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар



6) **пайда алушы**– сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;



7) **топтың әкімшісі**– сақтандыру брокері және (немесе) (сақтандыру (қайтасақтандыру) ұйымы) – медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін Ортақ сақтандыру шарттарын жасасу, сүйемелдеу және орындау үшін топтың барлық қатысушыларының атынан және тапсырмасы бойынша шарт пен Сақтандыру қағидалары негізінде әрекеттететін, топ қызметін басқару үшін тартылған сақтандыру (қайтасақтандыру) топ қатысушы;



БІЛУ МАҢҒЫЗДЫ!



Медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар



8) **сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын (Қазақстан Республикасының азаматы және (немесе) шетел азаматы немесе Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыруға барлық қажетті рұқсаттары бар азаматтығы жоқ адам болып табылатын), Сақтанушының медициналық қызметтер көрсетуге арналған лицензиясына сәйкес медициналық қызметті жүзеге асыратын және Кодекстің 64-бабының 1), 2), 3), 4), 5), 8) тармақшаларымен көзделген медицина қызметті жүзеге асыратын медицина қызметкері;



9) **сақтанушы** – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес медициналық қызметке лицензия және оған қосымшалар негізінде медициналық қызметті жүзеге асыратын және медициналық ұйымдар үшін ұжымдық шарт және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар үшін жеке шарт түріндегі медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандыру шарты бар денсаулық сақтау субъектісі.